

Аягөз ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Абай облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 286 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 тамызда № 313-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабының 3-тармағының 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11550 болып тіркелген) сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібі осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Аягөз ауданы әкімдігінің "Аягөз ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5127 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Аягөз ауданы әкімінің орынбасары О.Бекбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аким Аягөзского района

Қ. Әділбай

Аягөз ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 17 шілдедегі
№ 286 қаулысына
1-қосымша

Аягөз ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Аягөз ауданындағы шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдаудың осы тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын

пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" № 534 қаулысына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" № 349 бұйрығына сәйкес әзірленген және Аягөз ауданындағы шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібін айқындайды.

2 тарау. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесімен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

3. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжатының болуы, сондай-ақ мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төртбұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын екі өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы - автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде - автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен жабдықталуы тиіс.

4. Балаларды тасымалдауға пайдаланылатын автобустарда мыналар болуы тиіс:

1) ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;

2) жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

3) берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

4) жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

5) тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс;

6) шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары;

7) жылдың суық мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

5. Автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластануына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

6. Сыртқы кузовты жуу ауысымнан кейін өткізіледі.

3 тарау. Балаларды тасымалдау тәртібі

7. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

8. Балалардың топтарын көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар), сондай-ақ 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

9. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

10. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

11. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

12. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы білім беру ұйымдарын хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

13. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі. Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

14. Автобустарда жол жүруге мынадай балаларға және ересек еріп жүрушілерге рұқсат етілмейді:

- 1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын, толқыған жай-күйінде;
- 2) алкоголь, есірткі, психотропты және улағыш заттардың әсері болғанда.

15. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар

;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" № 534 қаулысымен бекітілген жол қозғалысының Ережесін өрескел бұзбаған.

16. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

17. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

18. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

19. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

4 тарау. Қорытынды ережелер

20. Аягөз ауданындағы шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білімі беру мектептеріне тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді.


Аягөз ауданы әкімдігінің

2024 жылғы 17 шілдедегі




№ 286 қаулысына

2-қосымша

Ескі Майлин елді мекенінен және Аягөз қаласы Р.Қопқарбаев көшесінен "№ 4 жалпы орта білім беретін аралас мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне оқушыларды тасымалдау схемасы




Шартты белгілер




-  - елді мекен
-  - жалпы орта білім беру мектебі
-  - Автобус маршруты
- L - мектептен елді мекендерге дейінгі ұзақтығы

Аягөз ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 17 шілдедегі
№ 286 қаулысына
3-қосымша

**Ақкілет елді мекенінен "А.Көпкімбаева атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесіне оқушыларды тасымалдау схемасы**




Шартты белгілер

-  - елді мекен
-  - жалпы орта білім беру мектебі
-  - автобус маршруты
- L - мектептен елді мекендерге дейінгі ұзақтығы

Аягөз ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 17 шілдедегі
№ 286 қаулысына
4-қосымша

Баршатас ауылындағы Тансарин көшесінен, техникалық-жөндеу станция шағын ауданынан "Оспанқұл Меңаяқұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне оқушыларды тасымалдау схемасы



Шартты белгілер




- елді мекен
- жалпы орта білім беру мектебі
- автобус маршруты
- L - мектептен елді мекендерге дейінгі ұзақтығы

Аягөз ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 17 шілдедегі
№ 286 қаулысына
5-қосымша

Қарасу, Ескі Қопа елді мекендерінен және Қопа ауылының № 5 фермасынан "С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне оқушыларды тасымалдау схемасы




Шартты белгілер

-  - елді мекен
-  - жалпы орта білім беру мектебі
-  - автобус маршруты
- L - мектептен елді мекендерге дейінгі ұзақтығы

Аягөз ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 17 шілдедегі
№ 286 қаулысына
7-қосымша


Қарабұлақ елді мекенінен "№ 1 Ақшәулі жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне оқушыларды тасымалдау схемасы






- Шартты белгілер
- - елді мекен
 - ◆ - жалпы орта білім беру мектебі
 - ↔ - автобус маршруты
 - L - мектептен елді мекендерге дейінгі ұзақтығы

Аягөз ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 17 шілдедегі
№ 286 қаулысына
8-қосымша

Малтүгел елді мекенінен "Тарбағатай жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне оқушыларды тасымалдау схемасы



Шартты белгілер

-  - елді мекен
-  - жалпы орта білім беру мектебі
-  - автобус маршруты
- L - мектептен елді мекендерге дейінгі ұзақтығы